

**Құрметті Алексей Филиппович!
Құрметті ұйымдастыру комитетінің мүшелері!
Құрметті Асия Алиқызы!**

Осы шараны ұйымдастыруға мұрындық болған баршаңызға А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің атынан қатысуға мүмкіндік бергендеріңіз үшін шексіз алғысымды білдіремін.

Жоғары деңгейде ұйымдастырылған, қатысушыларға қажетті ақпаратты жеткізе білген, мазмұны ауқымды, пайдасы мол конференция болды.

Пленарлық отырыс, конференцияның секция жұмыстарынан тыс "Жобалар арқылы компанияның дамуын басқару" атты мастер-класс өткізілді. Әр түрлі пікір-таластар болып, әрбір қатысушы еркін түрде өз ойларын ортаға сала білді. Бір-бірімізбен жақсы тіл табысып, тәжірибе алмасып, жаңа достар таптық.

Осы тренингке қатыса отырып, келешекте өз жұмысыма серпінін тигізер жақсы нәрселерді бойыма игердім.

Осындай шаралар жалғасын таба берсін деген ниетпен, ХАА-ның алдағы атқарылатын жұмыстарына сәттілік тілеймін!

**Құрметпен, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
«Бухгалтерлік есеп және аудит»
кафедрасының аға оқытушысы,
э.ғ.к., Халықаралық ақпараттандыру
академиясының академигі**

З.Ө.Иманбаева